



KORKYT ATA  
UNIVERSITY

<https://korkyt.edu.kz/>

# СЫР ТҮЛЕГІ

жастар газеті

1992 жылдың мамырынан бастап шығады

№3 (457) 20 наурыз,  
2026 жыл



## Құрметті әріптестер!

Баршанызды Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын!

Мемлекет басшысының Сыр өңіріне деген ерекше қамқорлығының арқасында аймақтың жасампаздығы мен қуаты күн санап артып келеді. Облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуында ежелден еңбектің шамын жаққан әр сырбайлықтың өзіндік қолтаңбасы бар.

Тамырын тереңнен тартқан осынау мейрам – береке мен бірліктің, тазалық пен татулықтың тұғырын нығайтып, риясыз шаттық пен қуанышқа кенелтер ұлы мереке. Жаңғырып, жасарған табиғатпен бірге біз де жаңа бастамаларға қадам басамыз. Көптен көкейде жүрген асыл армандар орындалып, үкілі үміттер ақталсын.

Жаңару мен жасару күні Сіздерге бақ-береке, ырыс-ынтымақ әкелсін! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болып, көркейе берейік!

## ЕЛ АЗАМАТТАРЫНЫҢ 87,1 ПАЙЫЗЫ ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯНЫ ҚОЛДАДЫ

Қазақстанда өткен республикалық референдумның қорытындысы бойынша жаңа Конституция қабылданды. 2026 жылғы 15 наурызда өткен жалпыұлттық референдумда дауыс берген қазақстандықтардың басым бөлігі ұсынылған конституциялық өзгерістерді қолдаған.

Нақтырақ айтқанда, дауыс беруге қатысқан азаматтардың 87,1 пайызы жаңа Конституция жобасына «иә» деп жауап берген. Жалпы алғанда, референдумға 9,1 миллионнан астам адам қатысқан, олардың 7,9 миллионы өзгерістерді қолдаса, 898 мыңнан астам азамат қарсы дауыс берген. Сонымен қатар 127 868 бюллетень жарамсыз деп танылған. Дауыс беру күні ел бойынша түрлі мәселелерге қатысты 35 өтініш тіркелген. Олардың басым бөлігі Астана қаласында (11 өтініш) тіркелсе, Алматы қаласында – 6, Маңғыстау облысында – 4 өтініш түскен. Сондай-ақ Шымкент қаласы, Абай және Қызылорда облыстарында үш-үштен өтініш қаралған. Ал Алматы, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Жамбыл және Павлодар облыстарында бір-бір өтініштен тіркелген. Жалпы алғанда, тіркелген өтініштер мен жекелеген ескертулер референдумның өту барысына және оның қорытынды нәтижелеріне айтарлықтай әсер етпеген. Барлық мәселелер заң талаптарына сәйкес қаралып, тиісті шешімдер қабылданған. Референдумда 17514 адам есептен шығару куәліктерін алған. Осы адамдардың 16 594-і (94,7%) дауыс беруге келген.

Баян СҮЛЕЙМЕНҚЫЗЫ,  
<https://egemen.kz/>



## НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ – ҚОҒАМДЫ ҰЙЫСТЫРАТЫН МЕРЕКЕ

Наурыз шығыс елдері үшін – бірліктің, татулықтың, еңбектің, көктемнің, ізгіліктің, бақыттың мерекесі болып саналады. Мыңдаған жыл бұрын Шығыс халықтарында жыл басы мерекесі ретінде тойланып, ерекше күн ретінде аталып өтетін болған Бұл күні жақсы тілек тілеу, құттықтау, кешірім жасау, табысу сияқты адамгершілік қасиеттер көрініс тауып, кейінгі ұрпақтар сондай жақсы өнегеден үлгі алады. Наурыздың айрықша тәлім-тәрбиелік, үлгі-өнегелік, сән-салтанаттық мәрт-жомарттық, қадір-қасиеттілік нышан-белгілері мен таным-ұғымдарының үлгі түрлері өте көп. Оның бәрі әр адамды жоғары саналылыққа, әдептілікке, өнегелілікке, бауырмалдыққа, көрегенділікке, ізеттілік пен мейірім-шапағатқа баурайды. Наурызды әр халықтың асыға күтетіні де осыдан болса керек. Осы ұлы күнге байланысты халықтың әдет-ғұрыптары мен жол-жоралары, салт-дәстүрлері бар.

«Наурыз» – парсы сөзі. Бұл қазақша айтқанда, «жаңа күн» деген сөз» (А.Байтұрсынов). Қазақ халқы аса қадірлейтін бұл күн, яғни 22-наурыз бүкіл Шығыс халықтарының ежелгі бас мерекесі. Орта Азия мен Қазақстан тұрғындары бұл күнді «Самарқанның көк тасы жібіген күн» деп те дәріптейді. Наурыз – қазақта бірінші айдың аты. Наурыз күні халық таза киініп, бірін-бірі құттықтап, қуаныш дастарханын мол жаяды. «Ұлыс құтты болсын!», «Ақ мол болсын», «Төрт түлік ақты болсын!» деген сияқты тілектер айтылады. Адамдар бір-бірінің қатесін кешіріп, татуласады, оның аяғы ойын-сауық, ән-жырға жалғасады.

Халықта бұл күнге лайық салт-дәстүрлер де бар. Олар «Наурыз тойы», «Наурыз жыры», «Наурыз көже», «Наурыз бата» деп аталады. Бұл айда туған баланың аты да Наурызбай, Наурызгүл деп қойылған. Наурыз халықтық мереке бола тұрса да кеңестік саясат кезінде оны тойлауға діни мейрам есебінде тыйым салынып келді.

Ахат Шәкәрімұлы жазбаларында: «14 март – ескіше бірінші наурыз. Әкей (Шәкәрім

Құдайбердіұлы) айтты: бүгін ескіше бірінші март, қазақша Жаңа жыл, Ұлыстың ұлы күні. Жаңа жылдың бұрынғы аты – Наурыз, бұл парсы тілінде жаңа күн дегенді білдіреді», – деп жазған. Хакім Абай «Біраз сөз қазақтың қайдан шыққаны туралы» деген тарихи мақаласында Наурыз мейрамының тарихын сонау «хибағи», «хұзағи» деп аталған заманға тірейді: «Ол күнде Наурыз деген бір жазғытұрым мейрамы болып, наурызнама қыламыз деп, тамаша қылады екен. Сол күнін «Ұлыстың Ұлы күні» дейді екен», – деп жазады. Халық Наурыз мерекесіне алдын ала дайындалады. Бұл күні бұлақтар тазартылып, ағаштар отырғызылған. Бұл халқымыздың «Атадан бір табын мал қалғанша, бір тал ағаш қалсын», «Бұлақ көрсең, көзін аш» деген түсінік-пайымымен астасады. Асылында, көшпелі ел ретінде ата-бабамыз табиғатпен етене аралас өмір сүрген. Сондықтан табиғатананы аялап қараған және мұны ұрпақтан-ұрпаққа насихаттап отырған. Наурыз мерекесі де осы табиғат пен адамның байланысының бір көрінісі десек жаңылмаймыз. Көктемнің шуақты мерекесінде балаларымызға табиғатты қорғаудың маңыздылығын, орнымен қолданып, залал келтірмеуді үгіттей алсақ керемет бастама болар еді. Ұлыстың ұлы күні адамдар бір-біріне деген ренішін ұмытып, өзіне де, өзгеге де жақсылық тілеген. Көрісу күнінде ауыл-аймақ бір-бірін бір жасымен құттықтап, көрісетін болған. Бұл бір жағы қыстан дін-аман шыққан халықтың бір-бірімен хал-жағдай білісіп, бас қосуына себеп еді. Еліміздің батыс өңірінде сақталған осы бір әдемі салт қазір кең етек алып, ел болып аталып, айтылып жүр. Ұмытылып бара жатқан салттың көңілдің кірін тарқататын әдемі дәстүр боп қайта жалғасын тапқаны қуантарлық жайт. Халқымыз тек көңілді кірбіннен тазартып қана қоймай, үш-ішін де «барлық жамандық артта қалсын» деген ниетпен жуып-тазалап шығатын. Егер өскелең ұрпаққа дұрыс насихаттай білсек, бұл да өнегесі мол салт екені түсінікті-ақ.

## ҚОРҚЫТ АТА УНИВЕРСИТЕТІНДЕ ӨНІР ЖАСТАРЫНА АРНАЛҒАН «AMANAT AI TOT» ОҚИТУ БАҒДАРЛАМАСЫ БАСТАЛДЫ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Қузылорда Hub алаңында «Аманат» партиясының Қызылорда облыстық филиалымен бірлескен өңір жастарына арналған «Amanat AI Tot» жасанды интеллект бойынша оқыту бағдарламасы өз жұмысын бастады.

Бағдарламаның ашылу рәсімінде «Аманат» партиясы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Жандос Базартай сөз сөйлеп, жобаның негізгі мақсатына тоқталды. Ол өз сөзінде жасанды интеллекттің бүгінгі таңда тек IT саласының мамандарына ғана емес, барлық бағыттағы мамандар үшін қажетті маңызды дағдыға айналғанын жеткізді. Іс-шараға университеттің Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры Майнұр Бөрібаева қатысып, оқу орнында жасанды интеллект бағыты қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті. Сонымен қатар, білім беру бағдарламаларына заманауи цифрлық технологиялар енгізіліп, студенттердің цифрлық құзыреттілігін арттыруға ерекше мән беріліп отырғанын жеткізді.

Аталған шара Қазақстандағы Жасанды интеллект және цифрландыру жылы аясында, сондай-ақ «Цифрлық мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыру мақсатында ұйымдастырылып отыр.



Екі күнге жоспарланған бағдарламаға өңірдің әр ауданынан келген 30 жас қатысуда. Оқытудың басты мақсаты – аудан жастарына жаңа технологияларды меңгертіп, оларды өз өңірлерінде білім тарататын тренерлер деңгейіне дейін жеткізу және жасанды интеллект сауаттылығын арттыру. Бағдарлама аясында қатысушылар генеративті жасанды интеллект негіздерімен танысып, нейрожелілермен жұмыс істеу қағидағтарын, тиімді сұраныс (промт) құрастыру тәсілдерін меңгереді. Сонымен қатар, жасанды интеллект көмегімен мәтін, сурет және презентациялар әзірлеу,

Vibecoding бағыты арқылы бағдарламалау тілдерін терең білмей-ақ цифрлық өнімдер жасау, сондай-ақ күрделі технологиялық ұғымдарды қарапайым тілмен түсіндіру және жергілікті деңгейде оқыту жұмыстарын ұйымдастыру әдістері бойынша білім алады.

Бұл бастама өңір жастарының цифрлық дағдыларын дамытып қана қоймай, олардың инновациялық ойлау қабілетін арттыруға және заманауи технологияларды тиімді қолдана білетін жаңа буын көшбасшыларын қалыптастыруға бағытталған.

## Әлеуметтік желі – табысқа бастар баспалдақ

Әлеуметтік желі – бүгінгі күннің сахнасы. Біреу үшін ол тек бос уақытта уақыт өткізу құралы болса, біреу үшін жетістікке жетелер жол. Солардың қатарында жас та болса талай белесті бағындырған контент-мейкер, жас кәсіпкер Аружан Романқызы да бар. Бар жоғы 21 жасында бизнес ашып, жеке брендін қалыптастырған. Біз Аружанмен қазіргі контент индустриясы, кәсіпкерлікке қадам басу жайлы әңгіме өрбіттік.

– Бүгінде кез келген адам смартфон ұстаса – блогер, контент-мейкер болып кете алады. Бірақ кәсіби деңгейге көтерілудің басты шарты қандай?

– Иә, келісемін. Яғни егер адамның қолында телефон болса, ол өзінің армандарын жүзеге асыруға, қалаған деңгейге шығуға, ауқымды нәтижелерге жетуге деген мүмкіндігін әлдеқайда арттырады. Әр адам блогер бола алмайды. Неге? Себебі үлкен аудитория жинау үшін, көпшіліктің сеніміне ие болу үшін ең алдымен харизма керек. Сондай-ақ белгілі бір таланттың болғаны маңызды: мейлі ол ән айту болсын, жақсы билеу болсын – айырмашылығы жоқ, бірақ бір ерекше қыры міндетті түрде болуы тиіс. Сыртқы келбет те рөл атқарады. Дүниежүзілік деңгейде танымал блогер болу – бір күнде келетін дүние емес, оған ұзақ уақыт еңбектену керек әрі аз да болса туа біткен қабілетің болуы шарт. Ал контент-мейкер бола алмайтын адам жоқ деп ойлаймын. Өйткені мұнда базалық білім, қарапайым қадамдар бар. Барлығымыз да видеоны монтаждап, әлеуметтік желіге жүктей аламыз. Тек дұрыс контент жасауды, оны табысқа айналдыруды үйрену қажет. Ол үшін дағдыны шыңдап, тәжірибе жинап, кәсіби деңгейге көтерілу керек.

– Контент жасауды көбіне жеңіл көретіндер бар. Ал іс жүзінде бұл мамандықтың психологиялық, шығармашылық және уақыт жағынан ең күрделі екенін бәріміз білеміз. Күйзеліспен қалай күресесіз?

– Марғұлан Сейсембай айтқандай: «Миллиардер болудың жолы қандай? Біріншіден – үлкен жауапкершілікті алу, екіншіден – тәуекелге бару». Міне, осы екі нәрсе ғана адамның жақсы табыс табуына жол ашады. Контент жасау да, блогер болу да – күн сайын тәуекелге бару. Бұл – ең алдымен өзіндік таңдау, басымдықтарыңды дұрыс қою, қабілеттеріңді шыңдау. Жұмыс істеп қана табыс табасың. Сондықтан блогерлер жетістікке жетеді. Өйткені өмірде ештеңе кепілдендірілмеген, тұрақтылық деген ұғым жоқ.

– Қазақстандағы контент индустриясының болашағын қалай елестетесіз? Бұл сала тұрақты кәсіпке айнала ма, әлде уақытша тренд болып қала бере ме?

– Жеке имидж, блогерлік, есім қалыптастыру – бұл құбылыстар жаһандану заманында әлі де өзекті. Неге десеңіз, одан бұрын да әлемде әншілер, бишілер, әртістер болған. Олар да әлеуметтік желіде емес, өзге аяқта жеке имиджін дамытқан еді. Дәл сол сияқты, қазір бұл үдеріс әлеуметтік желі арқылы жүзеге асып жатыр. Әлеуметтік желілер болашақта өзгерсе де өзектілігін жоғалтпайды. Ұлан-ғайыр жерімиздің көрікті жерлерін таныстырып, ән айтып, ұлттық дәстүрді ұлықтап жүрген жастар көп. Бұның бәрі жай ғана смартфон арқылы жүзеге асып отыр. Айталық, сіздің мақсатыңыз миллиондаған аудитория жинау емес, бірақ өзіңізге сенетін 100 мыңдай жазылушыңыз болса да жеткілікті. Солар үшін сіз белгілі бір саладағы блогер әрі эксперт бола аласыз. Яғни Инстаграмда адамдар екіге бөлінеді: біріншісі – эксперттер, екіншісі – блогерлер. Блогер – үлкен аудиторияға ұмтылады. Ал эксперттер өз саласында білімін, тәжірибесін бөлісетіндер. Күнделікті тәжірибеңізден пайдалы кеңестермен, адамдар жиі кездесетін мәселелер мен олардың шешімдерімен бөлісе аласыз. Осылайша өзіңіздің эксперт ретіндегі беделіңізді қалыптастырып, аудитория жинайсыз. Ал аудиторияңыз сенім артқан сайын, одан табыс табудың да жолы ашылады.

– Жас кәсіпкер үшін ең үлкен сынақ – қорқыныш пен сенімсіздік. Сіз ол кедергілерді қалай жеңдіңіз?

– Қорқыныш – қалыпты сезім. Бірақ оның күші бар: адам ненің алдында қорықса, сол жерде оның өсу мүмкіндігі жатыр. Бизнес ашудан қорқасың ба? Демек, сол бағытта қадам басуың керек. Камера алдында сөйлеуден қысыласың ба? Олай болса, дәл сол жерге бет алу қажет. Өйткені ол сенің жаңа деңгейіңе бастайтын есік. Ал сенімсіздіктің себебі білмеуден шығады. Қалай есік ашуды білмесең, сол сәтте сенімсіздік пайда болады. Сондықтан білетін адамнан үйрену – ең дұрыс жол. Бизнес бастамас бұрын тәжірибелі кәсіпкерлерден кеңес алдым. Әлеуметтік желінің артықшылығы да осында: кім немен айналысып жүргенін көріп, тікелей жазып, уақыттың сатып алып, баға жетпес кеңес алуға болады.

– Өз қатарластарыңызға не айтар едіңіз?

– Ата-анамыздың дәуірінде интернет жоқ еді, білімге қол жеткізу қиын болатын. Ал қазір керемет уақыт: ғаламтор бар, электронды кітаптар бар, графикалық дизайн саласын да әлеуметтік желі арқылы үйренуге болады. Барлық мүмкіндік ашық тұр. Тіл үйреніп, курс ашып, мыңдаған шәкірт тәрбиелеп жатқан жандарды да білеміз. Ең дұрыс шешім – өзіңізге инвестиция құю. Түрлі дәмді ас әзірлеп блогер болып жүрген жастар да жетерлік. Қай салада озықсыз, соны жетілдіріңіз дегім келеді. Жастық шақты босқа өткізбеу керек. Ішпідікке, темекіге, мәнсіз қыдыруға уақытты рәсуә етпеңіз. Тиктоктағы тақ-тұқ, түкке керегі жоқ шуылдақтан аулақ болыңыздар. Санаға салмақ салатын дүниелер айналысыңыздар. Өмірді өзгертіңіз келсе – өзіңізден бастаңыз. Армандар қана қоймай, сол арман үшін қимылдаңыз. Сонда ғана сізге даңғыл жол ашылады.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан  
Дамира МЕЙРАМБЕКҚЫЗЫ

## НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ – ҚОҒАМДЫ ҰЙЫСТЫРАТЫН МЕРЕКЕ

Ел арасында «Наурыз көжені тойып ішу керек, сонда жыл бойы тоқшылық болады!» деген сенім бар. Наурыз көже – Ұлыстың ұлы күні жасалатын қасиетті ас. Наурыз көже жеті түрлі тағамнан жасалған. Оған тары, арпа, бидай, бұршақ, күріш сияқты жеті түрлі дән мен ақ қосылады. Түркі халықтарының ұғымында жеті саны қасиетті саналғандықтан, наурыз көжеге жеті түрлі дәм қосылады. Оған қоса, ол – тоқшылық пен ырыс-құттың жоралғысы. Дастарқан басында жастар үлкендердің батасын алған. Бата – үлкендердің өзінен жасы кішілерге беретін ықыласты тілегі. Ақсақалдар: «Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын, қайда барса жол болсын! Бұл күн молшылық әкелсін! Бүкіл жамандық пен барлық қара іс жер бетінен жойылсын!

Ата-бабамыздың рухы бізге әрдайым қолдау көрсетсін!» – деп бата береді.

Дәстүр бойынша Наурыз айтыс өткізіледі. Бұл жақсылық пен жамандықтың, суық пен жылының, жаз бен қыстың айтысы. Мереке қызған кезде жастар алтыбақан жанында ұлттық ойындар ойнайды. «Көкпар», «Бәйге», «Қыз қуу», «Жамбы ату» ойындары аса бір қуанышпен өтетін. Наурыз мейрамында қар жауса, бұл жақсылықтың белгісі. Ерте заманнан бері қыздардың сұлулығын Наурыз мейрамында жауған қармен салыстырған. Ақ, таза, жұмсақ, үлгілдік қар сұлу ханымдардың асқан сұлулығын бейнелейді. Бұл күні күн мен түн теңеледі. Жер-Ана, жан-жануар түлейді, жаңарады, тал-теректер бүршік жаурады.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласында «...Еліміздегі тұрақтылық пен береке-бірлік үшін барлығымыз бірдей жауаптымыз. Осы орайда, халқымызды біріктіретін ортақ құндылықтарды барынша дәріптеп, ой-санаға берік орнықтыруымыз керек. Мысалы, Наурыз мейрамын атап өту тұжырымдамасын жасап, көктем мерекесінің мазмұнын байыта түскен жөн. Бүкіл қоғамды ұйыстыратын құндылықтар неғұрлым көп болса, бірлігіміз де соғұрлым бекем болады», – деп, Наурыз мейрамының жаңа сипаты мен мазмұнына айрықша атап өтеді.

Алтынай ЖАКУПОВА,  
<https://anatili.kazgazeta.kz/news/>

## АМАНАТ – ҰРПАҚҚА ЖҮКТЕЛГЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК



Қазақ халқының дүниетанымында «аманат» ұғымы ерекше мәнге ие. Бұл сөз тек бір затты сақтап, иесіне қайтарып беру деген мағынаны ғана білдірмейді. Аманат – ең алдымен сенім мен жауапкершіліктің, адалдық пен адамгершіліктің белгісі. Ата-бабаларымыз аманатқа қиянат жасауды үлкен күнә деп білген. Сондықтан халқымыздың өмір салтында, салт-дәстүрінде аманатқа адал болу – азаматтықтың, парасаттылықтың айқын көрінісі ретінде бағаланған. Ежелден қазақ қоғамында адамдар бір-біріне ерекше сенім артқан. Сол сенімнің айғағы ретінде аманат тапсыру дәстүрі қалыптасты. Мысалы, жоллаушы жолға шығар алдында бағалы затын немесе маңызды дүниесін сенімді адамға аманат етіп қалдырған. Сол сияқты үлкендер өз сөзін, өсиетін кейінгі ұрпаққа аманат етіп тапсырған. Мұндай аманатты орындау – тек жеке адамның міндеті емес, тұтас қоғамның моральдық қағидасына айналған.

Аманат ұғымы тек тұрмыстық қатынастармен шектелмейді. Ол рухани және мәдени құндылықтарды сақтаумен де тығыз байланысты. Қазақ халқы өз тілі мен дәстүрін, тарихы мен мәдениетін кейінгі буынға аманат ретінде қалдырды. Сондықтан бүгінгі ұрпақ үшін ата-баба мұрасын көздің қарашығындай сақтау – үлкен жауапкершілік. Әсіресе жаһандану дәуірінде ұлттық болмысты, салт-дәстүрді, ана тілді сақтау мәселесі ерекше маңызға ие болып отыр. Қазақ халқының мақал-мәтелдерінде де аманат ұғымы жиі кездеседі. «Аманатқа қиянат жасама», «Аманат – адалдықтың өлшемі» деген сөздер халықтың бұл ұғымға қаншалықты жауапкершілікпен қарағанын көрсетеді. Бұл

нақылдар адамдарды адалдыққа, сенімді ақтауға, бір-біріне құрметпен қарауға тәрбиелейді. Шын мәнінде, аманатты сақтау – адамның ішкі мәдениетінің, тәрбиесінің көрінісі. Қазіргі қоғамда да аманат ұғымы өз маңызын жоғалтқан жоқ. Керісінше, оның мәні одан әрі арта түскендей. Себебі бүгінгі таңда қоғамда сенім мен жауапкершілік мәселесі ерекше өзекті болып отыр. Әрбір адам өзіне жүктелген міндетті адал орындап, қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінсе, қоғамда тұрақтылық пен өзара түсіністік нығая түседі.

Мысалы, ұстаз үшін шәкірттің білімі мен тәрбиесі – аманат. Дәрігер үшін адамның өмірі мен денсаулығы – аманат. Ал ата-ана үшін бала тәрбиесі – ең үлкен аманат. Осы аманаттарды адал орындау арқылы ғана қоғам дамып, болашаққа сеніммен қадам басады. Әрбір азамат өз ісіне жауапкершілікпен қарап, сенімді ақтай білсе, бұл елдің өркендеуіне де оң әсерін тигізеді. Сонымен қатар, тәуелсіз елдің азаматы ретінде туған жерді, табиғатты, елдің бірлігі мен тыныштығын сақтау да – бүгінгі ұрпаққа жүктелген үлкен аманат. Ата-бабаларымыз сан ғасыр бойы күресіп, қорғап қалған қасиетті жерді сақтау, оның байлығын ұқыпты пайдалану – әрбір азаматтың парызы.

Болашақ ұрпақ бізден қандай мұра алатыны бүгінгі іс-әрекетімізге байланысты. Аманат ұғымының тағы бір маңызды қыры – рухани сабақтастық.

Әр буын өзінен кейінгі ұрпаққа белгілі бір құндылықтарды қалдырады. Бұл тек материалдық байлық емес, ең алдымен рухани мұра, мәдениет, білім және тәрбие. Егер ұрпақтар арасындағы осы сабақтастық үзілмесе, қоғамның дамуы да тұрақты болады. Сондықтан аманат – өткен мен бүгінді, бүгін мен болашақты жалғайтын алтын көпір іспеттес. Ол адамдарды жауапкершілікке, адалдыққа, бірлікке шақырады. Қоғамдағы сенімнің нығаюы да осы аманат ұғымымен тығыз байланысты.

Қорытындылай келе, аманат – қазақ халқының дүниетанымындағы аса маңызды рухани құндылықтардың бірі. Ол тек сөз жүзіндегі ұғым емес, өмірлік қағидаға айналған қасиетті түсінік. Аманатты сақтау – әрбір азаматтың ар алдындағы борышы. Егер әр адам өзіне жүктелген аманатқа адал болса, қоғамда сенім мен сыйластық артып, елдің болашағы да нық болмақ.

Еркебұлан БАЯДИЛОВ,  
АУ-24-3 оқу тобының студенті



## ҚОЛӨНЕР АРҚЫЛЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ НАСИХАТТАУ

Ұлттық құндылықтарды дәріптеп, қазақ қолөнерін заманауи бағытта дамытып жүрген шеберлердің бірі – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті аға оқытушысы, дизайнер Айдана Әлайдарова. Ол этно-стиль арқылы бабалар мұрасын бүгінгі күнмен сабақтастырып, ұлттық өнерді жаңа деңгейге көтеріп келеді. Айдана Әлайдарқызы 2001 жылдан бері «Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасында еңбек етіп, шәкірт тәрбиелеумен қатар, шығармашылық ізденістерін де қатар алып жүр. 2010 жылдан бастап этно стильдегі киімдер мен сәндік-тұрмыстық бұйымдар әзірлеуге ден қойып, ұлттық өнерді жаңа технологиялармен ұштастырып келеді. Сұхбат барысында дизайнердің бабалар мұрасын бүгінмен байланыстырып, оны әлем жұртшылығына таныстырып жүргеніне көз жеткіздік.

– Айдана Әлайдарқызы, сұхбатымызды шығармашылық жолыңыздан бастасак.

**Этно-стильге қызығушылығыңыз қалай туындады? Қолөнерге қалай келдіңіз?**

Менің этно-стильге деген қызығушылығым бала кезден басталды десем болады. Қазақтың ұлттық мәдениеті, ою-өрнектері, дәстүрлі киімдері әрдайым ерекше шабыттандыратын. Үйде әжем мен анамның қолөнермен айналысқанын көріп өстім. Олар киіз басып, жіп иіріп кілем тоқып, біздерге киімдер тоқып түрлі ұлттық бұйымдар жасайтын. Сол сәттер менің есімде жылы естелік болып сақталып қалды.

Уақыт өте келе бұл қызығушылық шығармашылық ізденіске ұласты. Мен этно-стильдің тек өткеннің белгісі емес, оны қазіргі заманмен үйлестіріп, жаңа қырынан көрсетуге болатынын түсіндім. Сол себепті ұлттық ою-өрнектерді, дәстүрлі элементтерді заманауи дизайнмен ұштастырып, түрлі қолөнер бұйымдарын жасауға кірістім. Алғашында өзім үшін, жақындарыма сыйлық ретінде шағын бұйымдар жасап көрдім. Кейін адамдардың қызығушылығы артып, тапсырыстар түсе бастады. Сол кезде бұл іс мен үшін тек хобби емес, шығармашылық жолға айналды.

**– Қазақ ұлттық киімдерінде ою-өрнектер мен символдарды қолдану арқылы қандай ой немесе мән жеткізіңіз келеді? Қандай элементтерді жиі таңдайсыз және олардың мәні неде?**

– Ою-өрнек – қазақ халқының үнсіз сөйлейтін тілі деп ойлаймын. Сол арқылы халқымыздың тарихын, мәдениетін, өмірге деген көзқарасын жеткізіміз келеді. Менің мақсатым – ұлттық символиканы заманауи киім үлгілеріне енгізіп, оның терең мағынасын бүгінгі қоғамға жаңа қырынан таныту. Әсіресе ою-өрнек пен алшы асықты үйлестіру барысында ұлттық дәстүр мен заманауи стиль арасындағы үйлесімділікті көрсетуге тырысамын.

**– Педагогикалық және ғылыми жұмыстарыңыз туралы айтып берсеңіз?**

– Педагогикалық жұмыстармен қатар ғылыми зерттеулер жүргізу де маңызды міндеттердің бірі. Өзімнің зерттеу нәтижесінде «Композиция», «Сурет», «Кескіндеме», «Визуалды өнер» атты оқу құралдарын жарыққа шығарып, авторлық құқық алдым. Сонымен қатар, ұлттық мәдениетімізді насихаттау мақсатында көптеген іс-шараларды ұйымдастыруға атсалыстым.



Педагогикалық қызметімде жас дизайнерлер мен қолөнерге қызығатын жастарға ұлттық өнердің қыр-сырын үйретуге ерекше көңіл бөлемін. Сабақ барысында дәстүрлі қолөнердің тарихын, ою-өрнектің мәнін және киіз өңдеудің түрлі әдістерін түсіндіремін.

**– Қандай көрмелерге қатыстыңыз?**

– Халықаралық, республикалық, облыстық, қалалық және университетшілік іс-шаралар аясында ұйымдастырылған көрмелерге қатыстым. 2015 жылғы 7-8 қазанда Моңғолияның Улан-Батор қаласында Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасының №1771 хатына сәйкес өткен «Қазақстан – Моңғолия: мемлекеттік, жеке және азаматтық секторларда әйелдердің мәртебесін арттыру бойынша елдер тәжірибесі» атты халықаралық конференцияда «Киіз өңдеудің инновациялық технологиялары» тақырыбында баяндама жасап, презентация ұсындым. 2017 жылғы 9 қарашада Қазақстан Сыртқы сауда палатасының ұйымдастыруымен Ресей Федерациясының Челябинск қаласында өткен Қазақстан мен Ресейдің XIV Өңіраралық ынтымақтастық форумы аясындағы көрмеге қатысып, туристерге қазақ халқының ұлттық дәстүрлі өнерін таныстырдым. 2026 жылғы 30 қаңтар – 8 ақпан аралығында Үндістанның Харьяна штатындағы Фаридабад қаласында өткен «39-Сураджджунд мела» халықаралық қолөнер жәрмеңкесіне қатысып, туристерге қазақ халқының ұлттық дәстүрлі өнерін

дәріптеп, шеберлік сабақтарын көрсетіп, өз өнімдерімді ұсындым.

**– Жұмыс барысында қандай материалдарды жиі қолданасыз?**

– Шығармашылық жұмысымда көбінесе табиғи материалдарды пайдаланамын. Негізінен киіз, табиғи жібек және қойдың жүнімен жұмыс істеймін. Бұл материалдар қазақтың дәстүрлі қолөнерінде кенінен қолданылғандықтан, олардың табиғилығы мен жылылығы мен үшін өте маңызды. Сонымен қатар олар арқылы ұлттық нақышты сақтай отырып, заманауи бұйымдар жасауға мүмкіндік туады.

**– Республикалық қолөнер шеберлерінің байқауында бірнеше рет жеңімпаз атандыңыз. Ерекше туындыларыңыздың бірі туралы айтып берсеңіз.**

– Иә, осы уақытқа дейін отандық және шетелдік қолөнершілер бақ сынаған байқауларға қатысып, бірнеше рет финалист атандым. Өрбір іс-шараның ерекшелігіне сай жаңа дүниелер жасауға тырысамыз. Алғашқыда киізге ойық әдісін қолданып, шашақтарын біріктіріп, мүлде жіппен тікпей қоржындар әзірледім. Сондай-ақ интерьерге қойылатын құмыраларды асықтармен байланыстырып, «әр үйге жақсылық әкелсін» деген ниетпен көпшілікке ұсындық. Айта кету керек, «Алшы асық» киімдер топтамасы түгелдей киізден жасалды. Қай кезде де ұлттық дүниелердің әдемі болуымен қатар түстік ерекшеліктеріне, нанотехнологиясына, қарапайым әрі кигенде ыңғайлы, жеңіл болуына, жұмсақтығына ерекше мән береміз.

**– Этно стильдегі киімдер мен бұйымдарды жасау барысында идеяны қалай табасыз? Шабыт қайдан келеді?**

– Этно-стильдегі киімдер мен бұйымдарды жасау барысында алдымен белгілі бір тақырыпты таңдап, сол бойынша эскиздер жасаймын. Сонымен қатар қазақ қолөнерін зерттеген өнертанушылардың еңбектерін оқып, ұлттық мұраны тереңірек түсінуге тырысамын. Дәстүрлі қолөнершілердің жұмыстарын зерттеп, олардың тәжірибесінен де көп нәрсе үйренемін. Табиғатпен үндестікті де ерекше назарда ұстаймын, өйткені табиғаттың түсі, пішіні мен үйлесімі шығармашылыққа үлкен шабыт береді.

**– Уақыт бөліп, ой-пікіріңізбен бөліскеніңізге рақмет!**

Сұхбаттасқан  
Дамира АМАНЖОЛОВА



## Құттықтау!

### Ғалым еңбегі жоғары бағаланды

2026 жылғы 6 наурызда Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің инженерлік бейіндегі зертханасының жетекші ғылыми қызметкері, техника ғылымдарының кандидаты, доцент Роза Әбдібекқызы Нарманова Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы тағайындайтын Найля Базанова атындағы марапатқа ие болды. Бұл марапат ғылым саласында елеулі жетістіктерге жеткен әйел ғалымдарға табысталаып, олардың қазақ ғылымының дамуына қосқан үлесін жоғары бағалаудың белгісі.



Роза Әбдібекқызының ғылыми-педагогикалық қызметтегі еңбек өтілі – 44 жыл. Ол еңбек жолын 1981 жылы Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институтының Қызылорда филиалында зертхана меңгерушісі ретінде бастаған. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде әр жылдары зертхана меңгерушісі, кіші ғылыми қызметкер, аға оқытушы, тестілеу орталығы басшысының орынбасары, оқу бөлімінің бас әдіскері, кафедра меңгерушісі және инженерлік бейіндегі зертхананың жетекшісі қызметтерін атқарған. Қазіргі таңда осы зертханада жетекші ғылыми қызметкер ретінде еңбек етуде. Ғалым 160-тан астам ғылыми еңбектің авторы. Оның ішінде Web of Science және Scopus базасындағы ғылыми басылымдарда жарияланған 19 мақала, 6 монография, 12 оқулық пен оқу құралы, сондай-ақ 17 патент бар.

Ғылыми жобаларға жетекшілік етіп, жас ғалымдарды тәрбиелеу арқылы Роза Әбдібекқызы отандық ғылымның дамуына сүбелі үлес қосып келеді.

### Ғылым жолындағы ерен еңбек

2026 жылғы 3 наурызда Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты Айман Айтбаева мемлекеттік дәрежедегі «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.



Айман Ералықызы 140-тан астам ғылыми, оқу-әдістемелік еңбектердің және бір монографияның авторы. 1993 жылдан бері университетте қызмет етіп келе жатқан ол шығармашы, тәжірибелі ұстаз ретінде танымал.

Қазақ әдебиеттану ғылымына сүбелі үлес қосқан ғалымның қаламынан шыққан «Қазақ прозасындағы тарихи романдардағы ұлттық қаһарман бейнесі», «Мәңгілік ел идеясы», «Қазақ прозасындағы антропология», «Қазіргі қазақ драматургиясының жаңалықтары» зерттеу жұмыстары ұлттық әдебиет пен білім саласында бағалы еңбек болып есептеледі.

Ғылым мен білім саласындағы еңбегі – жас ұрпаққа үлгі боларлық табанды ізденіс пен адал еңбектің жарқын көрінісі.

### Ұстазға құрмет

2026 жылғы 4 наурызда Майгельдиева Шарбан Мұсабекқызы Қызылорда облыстық ардагерлер Кеңесінің «Қызылорда облысының құрметті ардагері» медалімен марапатталды.



Білікті ұстаздың оқу орнында қажырлы еңбек еткеніне де биыл 46 жыл. Профессор университеттің орыс тілі және әдебиеті кафедрасының түлегі. 1989 жылы Өзбек республикалық педагогикалық орыс тілі мен әдебиеті институтының ғылыми кеңесінде диссертациясын сәтті қорғап, педагогика ғылымдарының кандидаты дәрежесін, 1992 жылы доцент ғылыми атағын иеленген. Сондай-ақ, 2010 жылы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ғылыми кеңесінде докторлық диссертациясын қорғады. 2003 жылы Халықаралық педагогикалық білім беру ғылымдары академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланды. Оның 200-дей ғылыми еңбегі, көптеген монография, оқулық, оқу-әдістемелік құралы мен оқу-әдістемелік нұсқаулықтары бар. Еселі еңбегінің нәтижесінде «Педагогика және психология» мамандығы бойынша 8 PhD дайындаған.

### Ғалым еңбегі – тілге қызмет

2026 жылғы 4 наурызда Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика БББ аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты Г.Ж. Баялиева ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен марапатталды. Гүлмира Жарылқасынқызы – қазақ тілін, әдебиетін және журналистика саласын зерттеу

уде сүбелі үлес қосқан ғалым.

Педагог өз саласын зерттеу, дамыту



бағытында «Қазақ әдеби тілінің тарихы», «Әдеби тіл тарихын зерттеу жүйесі» оқу құралдарын, «Орта ғасыр ескерткіштері тілі мен қазіргі қазақ тілінің сабақтастығы» ғылыми монографиясын жазып, «Қазақ тіл білімінен тест жинақтарын» даярлады. Сондай-ақ, Гүлмира Жарылқасынқызы – 100-ге жуық мақаланың авторы, Scopus журналында үш мақаласы жарияланған. Гүлмира Жарылқасынқызынан білім алған түлектер бүгінде елімізде әр саласында табысты қызмет атқаруда.

### Ғылым мен тәрбие тоғысқан зерттеу

2026 жылғы 5 наурызда Философия және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар секциясының аға оқытушысы Б.Ж. Паридинова Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «6D010300 - Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалы-бағдарлы



оқыту арқылы дамыту» тақырыбындағы диссертациясын сәтті қорғады. Боғаз Жәппарқызының зерттеу жұмысы болашақ педагогтардың рухани және адамгершілік құндылықтарын тәрбиелеу, олардың тұлғалық дамуына бағытталған оқыту әдістерін жетілдіру мәселелеріне арналды. Диссертация педагогика және психология саласында теориялық негіздермен қатар практикалық маңызды ұсыныстарды да қамтиды.

Боғаз Паридинованы диссертациясын сәтті қорғауымен құттықтай отырып, шығармашылығына мол табыстар тілейміз.

## БІЛІМДІ ЦИФРЛАНДЫРУ: ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР КӨКЖИЕГІ

Ғылым мен технологияның қарқынды дамуы білім беру жүйесіне жаңа мүмкіндіктер ұсынып, оқыту әдістерін түбегейлі өзгертуде. Кейінгі жылдары жасанды интеллект білім саласында ерекше рөл атқарып, оқушылардың оқу үдерісін жекешелендіруге, мұғалімдердің жұмысын жеңілдетуге және оқыту сапасын арттыруға ықпал етіп отыр. Жасанды интеллект тек автоматтандырылған жүйе емес, ол – адамның ойлау қабілетін жетілдіретін, жаңа білім көздерін ашатын құрал. Белгілі ғалым Альберт Эйнштейн: «Білім – мектепте алған білімнің жиынтығы емес, ол – өмір бойы үйрену қабілеті» деген. Жасанды интеллект дәл осы қағиданы қолдай отырып, білім алудың шексіз мүмкіндіктерін ашуда.

Жасанды интеллект білім саласында ең алдымен жекелендірілген оқыту әдістерін дамытуға көмектеседі. Әр студенттің білім алу деңгейі әртүрлі болғандықтан, жасанды интеллект олардың қабілеттеріне қарай бейімделген бағдарламаларды ұсынуға мүмкіндік береді. Мысалы, Google компаниясы әзірлеген жасанды интеллект негізіндегі Google Classroom платформасы мұғалімдерге оқушылардың оқу деңгейін талдауға және әрқайсысына жеке тапсырмалар ұсынуға жағдай жасайды. Бұл әдіс оқу сапасын жақсартып, білімді тиімді меңгеруге мүмкіндік береді. Білім беру саласындағы жасанды интеллекттің тағы бір маңызды бағыты – бағалау жүйесін автоматтандыру. Қағаз жүзіндегі тест тапсырмаларын тексеру мұғалімдерге үлкен жүктеме болатыны белгілі. Ал жасанды интеллект негізіндегі жүйелер тапсырмаларды жылдам бағалап, оқушылардың әлсіз және күшті тұстарын анықтауға көмектеседі. Бұған мысал ретінде Turnitin жүйесін келтіруге болады. Бұл жүйе студенттердің жұмыстарын плагиатқа тексеріп қана қоймай, олардың жазу дағдыларын жетілдіруге бағытталған ұсыныстар береді.

Жасанды интеллект мұғалімдердің жұмысын да айтарлықтай жеңілдетеді. Көптеген әкімшілік жұмыстарды автоматтандыру арқылы уақыт үнемдеуге мүмкіндік береді. Мысалы, Siri және Alexa сынды виртуалды көмекшілер сабақ жоспарларын құруға, қажетті ақпаратты іздеуге және оқушылардың сұрақтарына жедел жауап беруге көмектеседі. Бұл мұғалімдердің шығармашылық



**Айдана БАХТИЯР,**  
Ж-23-1 оқу тобының студенті

қабілеттерін дамытуға және оқыту үдерісіне көбірек көңіл бөлуіне жағдай жасайды. Сонымен қатар, жасанды интеллект қашықтан оқытуды жаңа деңгейге көтерді. Әсіресе, COVID-19 пандемиясы кезінде онлайн оқыту жүйелері білім беру үдерісінің ажырамас бөлігіне айналды. Coursera, Udemy, Khan Academy секілді платформалар жасанды интеллектті қолдану арқылы оқушыларға бейімделген оқыту мүмкіндігін ұсынды. Бұл дәстүрлі білім берудің шекарасын кеңейтіп, әлемнің кез келген нүктесінен білім алуға жол ашты.

Жасанды интеллект білім беру жүйесіндегі инклюзивтілікті арттыруға да ықпал етеді. Мүмкіндігі шектеулі балалар үшін арнайы бағдарламалар жасалып, олардың білім алу үдерісіне толыққанды қатысуына жағдай туғызуда. Мәселен, Google Voice және Microsoft Translator сияқты технологиялар көру немесе есту қабілеті шектеулі оқушыларға көмектеседі. Дегенмен, жасанды интеллектті білім беру саласында қолдану кейбір сын пікірлерге де ұшырап отыр. Кейбір ғалымдар болашақта мұғалімдердің орнын жасанды интеллект алмастыруы мүмкін деген пікір білдіреді. Алайда белгілі педагог Лев Выготский: «Оқыту – тек білім беру емес, ол – адамды қалыптастыру процесі» деп атап өткен. Расында да, мұғалім тек білім беруші емес, ол – тәрбиеші әрі бағыт-бағдар көрсетуші тұлға. Сондықтан жасанды интеллект мұғалімнің орнын толық алмастыра алмайды, керісінше, оның жұмысын тиімді ұйымдастыруға көмектесетін құрал ретінде қызмет етеді.

Қорытындылай келе, қазақ халқының «Білімдіге дүние жарық» деген нақылы жасанды интеллект дәуірінде де өзектілігін жоймайды. Жасанды интеллект білім беруді жаңа деңгейге көтеріп, оқушыларға кең мүмкіндіктер ұсынады. Алайда ол адам факторын алмастыра алмайды. Білім – тек ақпарат алу емес, ол – тұлғалық даму үдерісі. Сондықтан жасанды интеллектті көмекші құрал ретінде тиімді пайдалану – заман талабы. Жасанды интеллект пен адам еңбегінің үйлесімділігі ғана сапалы білім мен инновациялық дамуға жол ашады.

## ЖУРНАЛИСТИКА – ҚОҒАМ АЙНАСЫ

Адам өміріндегі ең жауапты шешімдердің бірі – мамандық таңдау. Себебі мамандық – адамның саналы ғұмырының айнасы, болашағының бағыты. Әрбір жас жүрек лүпілдеп, қанат қаққанда өзіне жақын, икеміне сай, бала кезден қызығушылығын оятқан саланы таңдайды. Көбіне балалық шақтағы арман ертеңгі кәсібі өмірге айналады. Менің таңдауым – журналистика. Халық пен билік арасындағы алтын көпір саналатын бұл мамандыққа деген қызығушылығым бала кезден басталды. Кішкентай кезімде үйдегі теледидарды қосып, жаңалықтарға қарап, әрбір сөздің, әрбір бейненің артында қаншама еңбек тұрғанын елестететінмін. Сол кездегі қызығушылық бүгінгі таңда менің өмірлік ұстанымыма айналды.

«Журналист» деген сөзді естіген сәтте көпшіліктің көз алдына камера, жарық, студия мен көгілдір экран елестейтіні анық. Алайда сол жарқыраған бейненің артында қаншама ізденіс, ұйқысыз түн мен тер төгілгенін еркім білмейді. Бүгінде мен журналистика мамандығының 3-курс студентімін. Университет табалдырығын алғаш аттағанда бұл сала маған оңай көрінгені рас. Әдемі киініп, суфлердегі мәтінді мүдірмей оқу – журналистиканың басты талабы шығар деп ойлайтынмын. Алайда уақыт өте келе бұл түсініктің тым үстірт екенін ұқтым. Шын мәнінде журналист – қоғам айнасы. Ол

халықтың үнін билікке жеткізеді, елдегі өзекті мәселелерді қозғайды және ақпарат кеңістігін қалыптастырады. Қажет болса, сарапшы; кейде психолог, кейде зерттеуші. Ол дәрігермен де, заңгермен де, ұстазбен де тең дәрежеде сұхбаттасып, кез келген тақырыпқа бейімделе алатын жан-жақты маман. Журналисттің ең басты қасиеттерінің бірі – жылдам ойлау қабілеті мен шығармашылық икемділік. Кез келген сұхбат немесе репортаж сәтінде оқиғаны терең түсініп, дұрыс бағалау керек. Қиындығы мен қызығы қатар жүретін бұл салада тек жанын аямай еңбек ететіндер ғана шыдайды. Олар атакқа немесе билікке құмартпай, халық үшін қызмет етеді. Сондықтан журналистика оңай мамандық деп айту дұрыс емес.

Бұл мамандыққа қойылатын талап та жоғары. Сауатты жазу, шынайы ақпарат тарау, бейтарап ұстаным ұстану – журналистің басты қағидалары. Тікелей эфирде өзін-өзі ұстау, айна алдында мүдірмей сөйлеу, анық дикциямен сөйлеу, эфирде құлмеу және жинақылық таныту – басты талаптар. Сонымен қатар журналист әрдайым жаңалықтарға ашық болып, кез келген ақпаратты тексеруге, пікірталасқа қабілетті болуға тиіс. Көркем сөзді қолдану, аудиторияны қызықтыру, сенімділік тудыру – бұның бәрі журналистің кәсіби шеберлігінің белгісі. Біздің оқу орнында болашақ журналистерге барлық мүмкіндік қарастырылған: ар-

найы студиялар, заманауи камералар мен жарық құралдары студенттердің тәжірибе жинауына арналған. Біз эфирді жүргізіп, репортаждар дайындап, редакциялық жұмысқа қатысу арқылы кәсіби дағдыларымызды шыңдаймыз. Дегенмен, алдағы уақытта республикалық арналармен тәжірибе алмасу жөнінде келісімдер жасалса деген тілек бар. Қазіргі уақытта біз қала ішіндегі медиа орталықтарында тәжірибеден өтеміз, ал «Қазмедиа» сияқты ірі орталықтар мен республикалық телеарналарда шындалу – әр студенттің арманы.

Менің ойымша, журналистика тек кәсіби ғана емес, адамгершілік сала да. Халық алдындағы жауапкершілік, шынайылық, әділдік – бұл мамандықтың басты артықшылықтары. Журналист болу – тек ақпарат жеткізу емес, қоғамды түсіну, адамдардың өмірін жақсарту үшін еңбек ету. Жақсы журналист қоғамдағы мәселелерді көріп, оларды шешу жолдарын көрсетуге тырысады. Ол тек хабар беруші ғана емес, сарапшы, кеңесші, кейде қоғамның дауысы мен көзі болады.

Алдағы уақытта өз кәсіби деңгейімді көтеріп, сапалы журналистика саласына үлес қосқым келеді. Мақсатым – шынайы ақпарат таратып, адамдарға көмектесетін, олардың сенімін ақтайтын журналист болу.

**Айдана БАХТИЯР,**  
Ж-23-1 оқу тобының студенті

## Таным аясы – travel journalism

XXI ғасырда адамдардың саяхатқа деген қызығушылығы артып, нәтижесінде саяхатқа деген сұраныс та өсті. Бүгінде бұл сала тек дәстүрлі баспасөзбен шектелмей, әлеуметтік желілер, блог платформалар, YouTube пен подкасттар арқылы жан-жақты дамып келеді. Сонымен қатар саяхат репортаждары, фото-эсселер, деректі фильм мен блогтар арқылы трэвел журналистика тың мазмұн мен жаңа форматта ұсынылууда.

Бұл сала саяхат барысында жинақталған материалды журналистік әдістер арқылы оқырманға көркем әрі танымдық формада жеткізуге бағытталған. Қазақстандық зерттеуші Б.Сәрсек аталған саланы журналистиканың деректі негізіне сүйенетін, бірақ көркем бейнелеу құралдарын кеңінен пайдаланатын аралас жанр ретінде қарастырады. Бұл салада репортаж, эссе, шолу, очерк жанрлары жиі қолданылады. Сонымен қатар, визуалды және аудиовизуалды контентті қатар ұсыну мүмкіндігі трэвел журналистиканы медиалық конвергенция тұрғысынан да тартымды салаға айналдырады.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін ел ішінде және сыртында еркін саяхаттау мүмкіндігінің кеңеюі трэвел журналистиканың жандануына сеп болды. 2000 жылдары отандық БАҚ-та саяхат бағытындағы материалдар жиілеуі түсті. «Жібек жолы», «Қазақстан географиясы» секілді басылымдарда табиғи-географиялық, мәдени-тарихи нысандарды насихаттайтын репортаждар мен очерктер жарық көрді. Бұл ретте журналист Әлішер Елікбай цифрлық журналистиканың артықшылықтарын атай келе, трэвел бағыттағы репортаждар мен блогтық жазбаларда визуалды контенттің әсері өте зор екенін көрсетеді. Оның айтуынша, қазіргі заманғы оқырманды мәгіннен бұрын фото мен видеолар тартады.

Отандық тележурналистикада трэвел форматындағы бағдарламалар тұрақты қалыптасқан. Кейінгі онжылдықта эфирден берілген «Welcome to Kazakhstan» (Kazakh TV), «Сафари» (Хабар), «Маршрут построен» (Хабар 24), «Жолда қабылдау» (Qazaqstan Ұлттық арнасы) жобаларын ерекше атап өтуге болады. Мысалы, «Маршрут построен» бағдарламасында жүргізуші жол сапарында өңірдің табиғи және мәдени нысандарын көрсете отырып, жергілікті халықпен сұхбат құрады. Бұл визуалды сторителлинг, интерактивті трэвел очерк үлгісіне жатады. «Жолда қабылдау» бағдарламаның басты ерекшелігі – аймақ аралау арқылы халықтың тұрмысын, жол инфрақұрылымын, әлеуметтік мәселелерін көрсету. Бұл саяси-әлеуметтік репортаж болғанымен, трэвел журналистика элементтеріне ие: жол маршруты нақты көрсетіледі, аймақтың табиғи-климаттық жағдайы сипатталады, халықпен тікелей сұхбат жүргізіледі. Бұл бағдарлама документалистік трэвел-публицистика форматына жақын. «Мәдени маршрут». Бұл бағдарлама мәдени-тарихи нысандар мен киелі орындарды таныстыруға арналған. Жанрлық тұрғыдан – мәдени трэвел-шолу, яғни сапар барысында алынған ақпарат пен тарихи деректерге негізделген баяндау үлгісі. Тіпті көркем қолдану, көріністі кадрмен сипаттау – трэвел очеркке тән белгілер.

«Хабар» агенттігі өзінің көпформатты құрылымымен және заманауи продакшн әдістерімен ерекшеленеді. Мұнда трэвел контент көркем-деректі және танымдық бағытта

ұсынылады. Мысалы, «Сафари» бағдарламасы табиғат қорғау, ұлттық парктер мен аңшылық шаруашылықтар жайлы ақпарат береді. Шоқан Уәлиханов стилінде, яғни табиғат суреті мен деректі баяндау ұштасады. Автор сапар барысында көрерменді бірге ертіп жүреді, табиғи ландшафт, жануарлар әлемі сипатталады, кәсіби операторлық жұмыс визуалды баяндауға әсер береді.

Ал орыс тіліндегі «Маршрут построен» – отандық трэвел бағдарламалардың ішіндегі ең танымал әрі кәсіби деңгейде түсірілген жобалардың бірі. Онда белгілі бір өңірге саяхат жасалып, өңірдің тарихи, географиялық, туристік және әлеуметтік ресурстары жан-жақты ашылады. Мазмұндық құрылымы саяхат картасы және бағдардан, жергілікті халықпен сұхбаттан, деректі материал мен кадрлық реконструкциядан, авторлық рефлексия мен storytelling-тен тұрады. Жанрына келсе, трэвел-документари, деректі телешоу.

«Жиһанкез» – «Қазақстан» ұлттық телеарнасының эфирінде 2010 жылдардың ортасында көрсетіле бастаған, кейін бірнеше маусым бойы жалғасқан саяхаттық-танымдық телевизиялық жоба. Бағдарлама жүргізушісі – белгілі журналистері саяхатшы Серік Асқарұлы, ол әр шығарылымда еліміздің немесе шет елдердің белгілі бір өңірін аралап, тарихи, мәдени, табиғи нысандар туралы көрерменге ақпарат береді. Бағдарлама қазақ тілінде дайындалған, бұл – оның ұлттық аудиторияны қамтуға бағытталғандығының маңызды көрсеткіші. Әр шығарылым шамамен 20-25 минутқа созылды. Мұнан бөлек, қалың көрермені бар «Орел и решка» бағдарламасының Қазақстанда түсірілген нұсқалары бірнеше қала мен өңірге арналды. Олардың қатарында Алматы, Астана, Шымкент, Қонаев, Бурабай, Маңғыстау, Түркістан болды.

«Орел и решка» форматының ықпалымен Қазақстанда ұқсас трэвел-жобалар пайда болды. Олардың қатарында «Qazaq Travel» YouTube жобасы. Жергілікті трэвел-блоггерлер жоғары және төмен бюджетпен саяхаттау тәжірибесін видео түрінде бөлісіп, интерактивті репортаж, күнделікті влог, гид-шолу формасын қалыптастырды. Екінші, «Менің Қазақстаным». Бұл бағдарламада да белгілі бір өңірге саяхат жасап, жүргізуші туристік маршрут, көрнекті орындар, қонақ үй, асхана, тарихи орындар туралы баяндау жүргізеді. Жанр тұрғысынан түпнұсқалық емес, бірақ «Орел и решка» форматына жақындалған жоба. Сондай-ақ «Миллионмен саяхат» YouTube жобасы шектеулі бюджетпен Қазақстан бойынша сапар жасайды.

Қазақстанда «Kazakhstan Travel», «Visit Kazakhstan», «QazaqGeography», сондай-ақ өңірлік туризм басқармаларының медиажобалары трэвел журналистикамен тығыз байланысты. Бұл мемлекеттік деңгейде туризмнің имиджін қалыптастыру мен ақпараттық қолдау саясатының бір бөлігі. 2023 жылы Мәдениет және ақпарат министрлігі бекіткен «Ұлттық туризмді дамыту тұжырымдамасы – 2029» құжатында медиа контент өндірушілердің, соның ішінде трэвел журналистердің басты серіктес ретінде танылуы – бұл салаға берілген ресми баға деуге болады. Ақпараттан тыс, трэвел журналистика маңызды ағартушылық рөл атқарады. Бұл бағыт ұлттық мәдениетті, дәстүр мен тарихи сананы жаңғыртуда ерекше мәнге ие. Төменде трэвел журналистиканың танымдық мүмкіндіктері сипатталады. Біріншіден, тарихи-мәдени мұраны дәріптеу.

Көптеген трэвел материалдар тарихи орындар, көне қалалар, ұлттық ескерткіштер туралы баяндайды. Бұл оқырман мен көрерменнің тарихи таным көкжиегін кеңейтеді. Екіншіден, этнографиялық және мәдени-ағартушылық миссия.

Қазақтың салт-дәстүрі, тұрмыс-салты, тағам мәдениеті трэвел контенттің маңызды бөлігіне айналды. Қазақтілді трэвел жобалар арқылы халық ауыз әдебиеті, жер-су атаулары, көне ұғымдар медиа арқылы қайта жаңғырып жатыр. Бұл – рухани жаңғырумен үндес процесс. Ал төртіншіден, экологиялық сана қалыптастыру. Табиғи қорықтар мен ұлттық парктер туралы контенттер қоршаған ортаны қорғауға шақырып, экоағартушылық міндет атқарады. Трэвел журналистика тек ақпарат тарату құралы емес, ұлттық мәдениетті насихаттау мен туризм саласын ілгерілетудің маңызды құралына айналуда. Болашақта бұл сала елдің халықаралық имиджін қалыптастыруда шешуші рөл атқара алады. Қазақстанның бірегей табиғаты, тарихи ескерткіштері, этномәдени нысандары мен халықтың қомақжайлылығы – жаһандық аудиторияны тартатын мазмұн көзі бола алады. Осы бағытта трэвел журналистер мен контент жасаушылардың рөлі стратегиялық маңызға ие болмақ. Олар тек саяхаттың қызықты тұстарын ғана емес, елдің туристік әлеуетін, қауіпсіздігін, инфрақұрылымын, қызмет сапасын да сараптап жеткізе білуі қажет. Мұндай жан-жақты контент елдің ішкі және сыртқы туризмін дамытуға үлес қосады. Келешекте трэвел журналистика құрылымдық жағынан маманданған, кәсіби даярлықтан өткен журналистердің саласы ретінде қалыптасуы ықтимал. Яғни, журналист саяхаттаушы ғана емес, сонымен бірге тарих, география, мәдениеттану, лингвистика секілді салалардан базалық білімі бар маман болуға тиіс. Осыған орай жоғары оқу орындарында «Трэвел журналистика» бағыты бойынша арнайы курстар мен модульдер енгізілуі керек. Практикаға бағытталған оқыту жүйесі арқылы студенттер сапар ұйымдастырудан бастап, креативті материал жасауға дейінгі барлық процесті меңгереді. Сонымен қатар, халықаралық журналистикамен ықпалдау арқылы заманауи талаптарға жауап беретін жаңа буын қалыптасады. Жаһандық трендтерге сай болашақта экотуризм, этнотуризм және мәдени туризм бағытындағы контенттің маңызы артады. Климаттық өзгеріс, биологиялық әртүрлілікті сақтау, жергілікті халықтың тұрмысымен танысу сияқты тақырыптар трэвел журналистиканың маңызды бағытына айналады. Бұл ретте журналист тек турист емес, қоғам алдындағы жауапкершілікті сезінетін тұлға болуы тиіс.

Қорытындылай келе, трэвел журналистика – болашағы зор, көпқырлы сала. Оның дамуы жаңа технологиялармен, цифрлық медиа құралдарымен тығыз байланысты және заманауи оқырманның сұранысын қанағаттандыра алатын әлеуетке ие. Қазақстанда да бұл сала дами отырып, отандық туризм мен ұлттық мәдениетті танымның тиімді тетігіне айналууда. Сондықтан бұл бағыттағы журналистиканы дамыту, сапалы кадрлар даярлау және мемлекеттік деңгейде қолдау көрсету – уақыт талабы.

**Үміт БАЙТАСОВА,**  
**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда**  
**университетінің түлегі,**  
**«QYZYLORDA TV» телеарнасының**  
**журналисті**

## ҚҰРМЕТТІ УНИВЕРСИТЕТ ҰЖЫМЫ, ҚАДІРЛІ ҰСТАЗДАР МЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАР!

Ұлыстың ұлы күні – әз-Наурыз мерекесімен баршаңызды шын жүректен құттықтаймын! Бұл мереке – халқымыздың сан ғасырлық салт-дәстүрі мен рухани құндылықтарын жаңғыртағын, татулық пен берекені дәріптейтін ерекше күн. Көктемнің шуағымен бірге келетін Наурыз әр шаңыраққа қуаныш, ырыс пен молшылық әкелсін.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің түлегі ретінде білім ордасының берген тәлім-тәрбиесі мен сапалы білімі әрқашан өмір жолымда маңызды орын алады. Университет қабырғасында қалыптасқан білім мен тәжірибе менің кәсіби дамуыма берік негіз болды.



Бүгінде «Qazaqgaz Aimaq» АҚ Қызылорда өндірістік филиалында, Ақпараттық технологиялар бөлім басшысы қызметін атқара отырып, ел дамуына өз үлесімді қосуға күш салып келемін.

Осы жарқын мереке қарсаңында баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге табыс тілеймін. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

**Алмат САРБАЛАЕВ,**  
«Qazaqgaz Aimaq» АҚ Қызылорда өндірістік филиалы «Ақпараттық технологиялар» бөлім басшысы

Баршаңызды Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Наурыз – табиғаттың жаңарып, күн мен түн теңесетін, адамзат баласына үміт пен қуаныш сыйлайтын ерекше мейрам. Бұл – татулық пен бірліктің, жақсылық пен жаңарудың символы.

Осы бір шуақты мереке әр шаңыраққа амандық, береке мен молшылық әкелсін. Әр отбасында қуаныш пен шаттық орнап, жүректеріңіз мейірім мен ізгілікке толы болсын. Көктемнің шуақты күндері сіздерге жаңа жетістіктер, жарқын бастамалар мен үлкен мүмкіндіктер сыйласын.

Қадірлі ұстаздарымызға – қажырлы еңбектеріңіз үшін зор алғыс білдіре отырып, зор денсаулық,



шығармашылық табыс пен толағай жетістіктер тілеймін. Ал білім алушы жастарға білім жолында талмай еңбектеніп, армандарыңызға жетіп, еліміздің дамуына үлес қосатын білікті маман болуларыңызға тілектеспін.

Наурыз мейрамы әрқайсымызға жаңа үміт, жаңа мақсаттар мен игі бастамалар әкелсін. Еліміз аман, жұртымыз тыныш, аспанымыз ашық болсын! Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!

**Замира ТОҚТАРҚЫЗЫ,**  
“Ai-aru” заманауи би ансамблінің көркемдік жетекшісі, балетмейстері, Мәдениет саласының үздігі

Сіздерді Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын! Наурыз – тек көктемнің келуі ғана емес, ол табиғаттың жаңаруы мен адам баласының жүрегіндегі үміттің қайта оянуын білдіретін ерекше мереке. Ғасырлар бойы халқымыз бұл күнді береке мен бірліктің, татулық пен ізгіліктің символы ретінде атап өтіп келеді. Ұлыстың ұлы күні әр шаңыраққа құт-береке, молшылық пен шаттық әкелсін! Елімізде әрдайым тыныштық пен бейбітшілік орнап, білім мен ғылым жолында үлкен жетістіктерге жете



берейік. Баршаңызға зор денсаулық, бақыт, табыс және жарқын болашақ тілейміз.

Көктем – тек жылдың бір мезгілі ғана емес, ол адамдарға үміт пен қуаныш сыйлайтын ерекше уақыт. Сондықтан көктемнің әрбір күнін бағалап, оның әсемдігін сезіне білейік. Наурыз құтты болсын! Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!

**Елена ПАК,**  
«Ассамблея жастары» РКБ-нің Қызылорда облысы бойынша филиалының жетекшісі, «Шапағат» медалінің иегері

Сіздерді Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамымен құттықтаймын!

Наурыз – жаңару мен жақсылықтың, бірлік пен татулықтың символы. Бұл мереке әр шаңыраққа қуаныш, береке мен молшылық әкелетін ерекше күн.

Университетіміздің өсіп-өркендей беруіне, білім мен ғылым жолында жаңа жетістіктерге жете беруіне тілектеспін. Студент жастарға биік мақсаттар қойып, армандарын жүзеге асыруға, ал ұстаздарға қажырлы еңбектері үшін зор денсаулық пен табыс тілеймін.



Наурыз – жыл басы, Ұлыстың ұлы күні. Күн мен түннің теңелетін, жер арқасы кеңіп, күллі тіршілік әлемі қайта түлейтін Табиғат мерекесі. Ұлыс бақты, Төрт түлік ақты болғай! Отанымызға – береке, халқымызға – игілік, мемлекетімізге – молшылық, ал әр шаңыраққа бақыт пен шаттық тілеймін.

**Еламан ЖОЛАМАН,**  
Азия чемпионы, пара жеңіл атлетикадан халықаралық дәрежедегі спорт шебері

<p>Құрылтайшы: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитеті тексеріліп, №КЗ29VPY00077786 куәлігі берілген.</p> <p><b>Бас редактор:</b> Қ.Ә.Омаров</p>	<p><b>АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:</b></p> <p><b>Н.С. БАЙҚАДАМОВ</b> - Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма Торағасы-Ректоры <b>М.Ә. БӨРІБАЕВА</b> - Басқарма мүшесі-Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор <b>Қ.Ғ. БЕКЕНОВ</b> - «Медиа орталық» жетекшісі</p>	<p><b>Жауапты редактор:</b> <b>Дамира Аманжолова</b></p> <p><b>Техникалық редактор:</b> <b>Асқар Махашов</b></p>	<p><b>SYR TULEGI</b> student jastar gazetі</p> <p>Жарияланған мақаладағы автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды. «Сыр түлегіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуға міндетті.</p>
--	---	--	--